1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. Осы ұжымдық шарт жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасында олардың өкілдері тұлғасында жасалды және «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі
(білім беру ұйымының толық атауы)

әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады.

1.2. Ұжымдық шарт жасауға негіз болып табылатындар:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – ҚР ЕК);
- ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңы;
- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
- «Ақмола облысының (қаласының) білім басқармасы» ММ және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің Нұр-Сұлтан қаласы және Ақмола облыстық (қалалық) кәсіподақ ұйымы» ҚБ арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Аймақтық келісім;
- Салалық деңгейде білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Салалық келісім;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмысшылар мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Бас келісім.

Ұжымдық шарт білім ұйымдарындағы қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жөнінде қызметкерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттерін анықтау және қызметкерлер үшін қосымша әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер, жеңілдіктер мен басымдылықтарды анықтау мақсатында, сондай-ақ белгіленген заңдармен, өзге нормативтік құқықтық актілермен, Бас, Салалық, Аймақтық келісімдермен салыстырғанда еңбектің анағұрлым қолайлы жағдайларын туғызу жөнінде жасалды.

1.3. Ұжымдық шарттың Тараптары:

- жұмыс беруші, оның өкілі тұлғасында – білім беру ұйымының басшысы Иманбалинова Дана Темиршотовна (бұдан әрі – Жұмыс беруші);
(Т.А.Ә.)

- ұйым қызметкерлері, олардың өкілі тұлғасында – «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Сілеті ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі
(аймақтық кәсіподақ ұйымының атауы)

бастауыш ұйымның кәсіподақ комитетінің төрағасы Нұрсапа Хұрметбек (бұдан әрі – Кәсіподақ комитеті).
(Т.А.Ә.)

1.4. Осы ұжымдық шарттың іс-әрекеті Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің Ақмола облыстық (қалалық) кәсіподақ ұйымының (бұдан әрі – Кәсіподақ) мүшелері болып табылатын білім беру ұйым қызметкерлеріне, **сондай-ақ қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шартын жасағандарға да** қолданылады.

1.5. Осы ұжымдық шарт оған қол қойған кезден бастап 2024 ж. «03» наурызға дейін қолданыста болады.

1.6. Тараптар ұжымдық шарттың мәтінін оған қол қойғаннан кейін 15 күн ішінде Жұмыс беруші қызметкерлерге қол қойып таныстырады деп келісті.

1.7. Жаңа ұжымдық шарт жасау жөніндегі келіссөздер осы ұжымдық шарттың іс-әрекет мерзімі аяқталғанға дейін 2 ай бұрын басталады.

1.8. Ұжымдық шарттың іс-әрекет мерзімінде Тараптардың ешқайсысының өздеріне қабылданған міндеттемелерді біржақты тәртіпте тоқтатуға құқығы жоқ.